

**«ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ-ның БҰҰ
тұрақты даму мақсаттарына
қол жеткізуге қосқан үлесі**

БҰҰ – ның тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлесі



ЖАҒАНДЫҚ МАҚСАТТАР



«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (ҚМГ) өз қызметінде тұрақты дамуға қол жеткізуге ұмтыла отырып, бизнес-стратегиясына БҰҰ-ның негізгі қағидаттарын, жаһандық үрдістерді, Қазақстанның даму басымдықтары мен жалпыадамзаттық құндылықтарды интеграциялайды

Компания БҰҰ-ның барлық 17 Тұрақты даму мақсатына (ТДМ) бейілді және оларды іске асыруға белсенді қатысады

Басымдықты ТДМ

Стратегиялық бағдарлар мен негізгі міндеттерді ескере отырып, ҚМГ:

- 10 басым ТДМ мен
- 23 сәйкес міндетке

қол жеткізуге қосатын өз үлесіне назар аударады





Денсаулық пен амандық

ҚМГ негізгі бастамалары

- «Сапарларды басқару» жобасы – қозғалыс қауіпсіздігіне басымдық бере отырып, көлікті басқару жүйесін енгізу
- 2024–2028 жылдарға арналған персоналды сауықтыру бағдарламасы – созылмалы аурулары бар қызметкерлердің жағдайын бақылау, алдын алу, ауысым алдындағы тексерулердің инновациялық әдістері, медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын жақсарту
- Медициналық сақтандыру – қызметкерлерге тұрақты медициналық тексерулер мен вакцинация жүргізу
- Қызметкерлердің денсаулығы үшін өндірістік тәуекелдерді бақылау және азайту және ластаушы факторлардың теріс әсерін болдырмау жөніндегі іс-шаралар кешенін енгізу

ТДМ міндеттері

3.6. Жол-көлік оқиғалары салдарынан қайтыс болғандар мен жарақаттар санын қысқарту

3.8. Денсаулық сақтау қызметтерімен қамтуды, оның ішінде сапалы негізгі медициналық-санитарлық қызметтерге қол жеткізуді және қауіпсіз, тиімді, сапалы және арзан негізгі дәрілік заттар мен вакциналарға қол жеткізуді қамтамасыз ету

3.9. Қауіпті химиялық заттар мен ластанудың, ауаның, судың және топырақтың улануының салдарынан болатын өлім мен аурудың санын едәуір азайту

ҚМГ нәтижелері

- ✓ «Сапарларды басқару» жобасы өнеркәсіптік пайдалануға енгізілді. Жоба аясында ҚМГ компаниялар тобының 3 мұнай сервистік еншілес ұйымдарында – «Oil Services Company» ЖШС, «Oil Construction Company» ЖШС, «Oil Transport Corporation» ЖШС - да – «Сапарларды басқару» жүйесінде жұмыс істеу бойынша 120 қызметкер оқытылды
- ✓ Defensing Driving курсы бойынша ЕТҰ ның 1 335 қызметкері және мердігер ұйымдардың 3 027 қызметкері оқытылды
- ✓ ҚМГ ЕТҰ ның 10 735 қызметкері және мердігер ұйымдардың 1 521 қызметкері қауіпсіздік белдіктерін пайдаланудың практикалық көрсетіліміне қатысты
- ✓ Өндірістік объектілерде өлім қаупін азайту мақсатында 2025 жылдың 10 айында «Алғашқы медициналық көмек» және «Дефибрилляторды пайдалану» курсы бойынша 72 965 қызметкер оқытылды
- ✓ ҚМГ қызметкерлерінің 100%-ы медициналық сақтандыру бағдарламасымен қамтылды
- ✓ ЕТҰ қызметтерін сатып алу жолымен жыл сайын өндірістік бақылау жүргізіледі (ауыз суды, жұмыс аймағының ауасын, микроклиматты және т.б. зерттеу жүргізіледі.)



Гендерлік теңдік

ҚМГ негізгі бастамалары

- WEPs бастамасын енгізу, оның ішінде гендерлік алшақтыққа өзіндік бағалау жүргізу және гендерлік құрам бойынша деректерді ашу
- ҚР еңбек заңнамасының кемсітушілікке жол бермеу бөлігін қатаң сақтау
- JanAru (Жаңару) білім беру бағдарламасы
- ҚМГ тобы компанияларының жоғары басқару құрамындағы әйелдердің үлесін 2030 жылға дейін 30%-ға дейін арттыру


ТДМ міндеттері

5.1. Барлық әйелдер мен қыздарға қатысты кемсітушіліктің барлық түрлерін жою

5.5. Әйелдердің жан-жақты және нақты қатысуын және олар үшін саяси, экономикалық және қоғамдық өмірде шешім қабылдаудың барлық деңгейлерінде көшбасшылық үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету

ҚМГ нәтижелері

- ✓ ҚМГ WEPs өзін-өзі бағалаудан өтті
- ✓ ҚМГ-ның Кадр саясаты гендерлік теңдік, әртүрлілік, инклюзивтілік, еңбек құқықтарын кемсітуге жол бермеу қағидаты бойынша жүзеге асырылады – бұл жынысына, нәсіліне, ұлтына, дініне, жасына және басқа да сипаттамаларына қарамастан әртүрлі әлеуметтік және жас топтары үшін тең жағдайлар мен мүмкіндіктер, әртүрлі көзқарастарды көрсететін командаларды қалыптастыру. Бос лауазымдарға кандидаттарды тарту және іріктеу процесінің қағидаттарының бірі кемсітушіліктің болмауы, барлық кандидаттарға ашық және құрметпен қарау болып табылады
- ✓ Әйелдердің кәсіби және жеке дамуына жәрдемдесу, гендерлік саясатты қолдау мақсатында және «Жұмысшы кәсіптер жылы» шеңберінде мұнай-газ саласындағы жұмысшы кәсіптердегі әйелдер үшін JanAru (Жаңару) білім беру бағдарламасы өткізілді
- ✓ ҚМГ-нің Директорлар кеңесі мен Бақылау кеңестеріндегі әйелдердің үлесі: 2025 жылы – 13,1%



Қолжетімді әрі таза энергия

ҚМГ негізгі бастамалары

- Жабдықты жаңғырту және автоматтандырылған есепке алу жүйелерін енгізу арқылы энергия тиімділігін арттыру
- ЖЭК дамыту: Total Eren компаниясымен бірлескен ЖЭС жобалары (1 ГВт) және Eni компаниясымен бірлескен гибридік электр станциясы (247 МВт)
- «Жасыл» электр энергиясын сатып алу (2031 жылға қарай жалпы көлемнің 15%-ы)
- Этанол негізінде тұрақты авиациялық отын (SAF) өндіру

ТДМ міндеттері

7.1. Арзан, сенімді және заманауи энергиямен жабдықтауға қол жеткізуді қамтамасыз ету

7.b. Заманауи және тұрақты энергиямен жабдықтау үшін инфрақұрылымды кеңейту және технологияларды жаңғырту

ҚМГ нәтижелері

- ✓ 2025 жылы 95 іс-шараны іске асыру жоспарлануда, бұл 47,6 мың тонна отын-энергетикалық ресурстарды үнемдеуге мүмкіндік береді, бұл ПГ шығарындыларын 92,4 мың тонна CO₂-ге төмендетуге тең
- ✓ 2025 жылдың 9 айында 46 іс-шара аяқталды (39 010,7 тCO₂)
- ✓ 2025 жылдың қыркүйегінде Маңғыстау облысында гибридік жобаны іске асыру шеңберінде қуаты 50 МВт күн электр станциясы құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді
- ✓ Жамбыл облысындағы «Мирный» ЖЭС жобасы бойынша егжей-тегжейлі жобалау (FEED) бойынша жұмыстар аяқталуда
- ✓ 2025 жылы «жасыл» сертификаты сатып алынды (I-REC)
- ✓ 2025 жылғы қыркүйекте Ianzajet-пен егжей-тегжейлі жобалау кезеңіне (FEED) көшу туралы негіздемелік келісімге қол қойылды, оның шеңберінде зауыт салу үшін барлық техникалық және экономикалық шешімдер әзірленетін болады



Лайықты жұмыс пен экономикалық өсу

ҚМГ негізгі бастамалары

- Жастарды тарту бағдарламалары, түлектерді оқыту және жұмысқа орналастыру, тар бағыттағы мамандарды даярлау және тәжірибеден өткізу
- Ұжымдық шарттар арқылы қызметкерлерді әлеуметтік қолдау (50-ден астам жеңілдік түрі)
- Өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтау жөніндегі қызметкерлердің көшбасшылығы мен адалдығы кодексі
- «Қорғау» картасы – еңбек жағдайындағы қауіпті жағдайларды анықтау және алдын алу

ТДМ міндеттері

- 8.5. Әйелдер мен ерлер, соның ішінде жастар мен мүгедектер үшін толық және нәтижелі жұмыспен және лайықты еңбекпен және бірдей еңбекақымен қамтамасыз ету
- 8.6. Жұмыс істемейтін, оқымайтын және кәсіби дағдыларды игермейтін жастардың үлесін айтарлықтай азайту
- 8.8. Еңбек құқықтарын қорғау және барлық жұмысшылар үшін сенімді және қауіпсіз жұмыс жағдайларын қамтамасыз етуге жәрдемдесу

ҚМГ нәтижелері

- ✓ ҚМГ 50 мыңға жуық адамды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етеді, оның ішінде 81% ерлер мен 19% әйелдер
- ✓ Жас мамандарды дамыту бағдарламалары іске асырылуда:
 - «Жас Маман» - АМӨЗ -ге жас мамандарды тарту және дамыту бағдарламасы
 - Дуальды оқыту – оқытуды, тағылымдамадан өтуді және одан әрі ҚМГ компаниялар тобына жұмысқа орналастыруды қамтитын бағдарлама
 - «Стажер» - АМӨЗ-де негізгі мамандықтар бойынша оқыту
 - KMGE School – «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС үшін тар мамандарды даярлау бағдарламасы
- ✓ ҚМГ компаниялар тобында әлеуметтік қолдаудың 70-тен астам түрін көздейтін 27 Ұжымдық шарт жұмыс істейді
- ✓ ҚМГ компаниялар тобында негізгі фокус «Қорғау» карталарын толық енгізуге және пайдалануға бағытталған. 2025 жылдың 10 айында 9 764 «Қорғау» картасы толтырылды. ҚЕМ бойынша жыл сайын оқудан өткен қызметкерлер саны ЕТҰ-ның 6 662 қызметкерін және мердігерлік ұйымдардың 2 400 қызметкерін құрайды
- ✓ 25.01.2025 ж. Астана қаласында «Қауіпсіздік мәдениетін дамытудағы көшбасшылық» ЕТҰ бас директорларының қатысуымен HSE XI жыл сайынғы форумы өтті. HSE форумы аясында «Мен Сақтанамын» бастамасы аясында «Дербес жауапкершілікті қалыптастыру» көшбасшылық бағдарламасы бойынша оқыту жүргізілді



Индустриалық инновация және инфрақұрылым

ҚМГ негізгі бастамалары

- ҚМГ тобының барлық өндірістік ақпаратын орталықтандыру және оны жасанды интеллект пен машиналық оқыту арқылы өңдеу үшін ABAI ақпараттық жүйесін дамыту және енгізу
- ҚМГ-ның 2060 жылға дейінгі төмен көміртекті даму бағдарламасы шеңберінде энергия тиімділігін арттыру жөніндегі қызметтің басым бағыттары айқындалды:
 - энергия менеджментін оңтайландыру және энергия менеджменті қызметтерін құру
 - есепке алу мен басқарудың автоматтандырылған жүйелерін енгізу
 - ОЭР нақты ЕТҰ активтерінде серпінді жобалардың қолданылуын айқындау
 - ең жақсы қол жетімді әдістерді енгізу
 - механикалық қорды жаңғыртуды, көлік техникасының құрамын оңтайландыруды және жаңғыртуды жүзеге асыру

ТДМ міндеттері

9.1. Адамдардың экономикалық дамуы мен әл-ауқатын қолдау мақсатында өңірлік және трансшекаралық инфрақұрылымды қоса алғанда, сапалы, сенімді, тұрақты инфрақұрылымды негіздеу

9.4. Ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру және таза және экологиялық таза технологиялар мен өндірістік процестерді кеңінен қолдану арқылы оларды тұрақты ете отырып, инфрақұрылымды жаңарту және өнеркәсіптік кәсіпорындарды қайта жабдықтау

ҚМГ нәтижелері

- ✓ ӨМГ кен орындарында «Су басуды басқару» модулін көбейту жүзеге асырылады
- ✓ ҚОА үшін «Су басуды басқару» модулін әзірлеу, тестілеу және енгізу және ММГ (Жетібай кен орны) үшін «Жаңа ұңғымалардың цифрлық рейтингі» модулін әзірлеу және тестілеу бойынша жұмыстар жүргізілуде
- ✓ Пайдаланушы тәжірибесі мен ауқымдылығын оңтайландыру мақсатында ABAI ақпараттық жүйесі модульдерінің бизнес-архитектурасын қайта қарау жүзеге асырылуда
- ✓ ҚМГ компаниялар тобының энергия үнемдеуі мен энергия тиімділігін арттыру жөніндегі негізгі іс – шаралар технологиялық пештер мен қазандықтарды жаңғырту және ауыстыру, сорғыларда жиілікті-реттелетін жетекті орнату (ЖРЖ), технологиялық ағындардың жылу интеграциясы, жарықтандыру жүйесін жаңғырту және т.б.



Тұрақты қалалар мен елді мекендер

ҚМГ негізгі бастамалары

- Қоршаған ортаның жай-күйін жақсарту мақсатындағы «Таза Қазақстан» бастамасына қатысу
- «Жасыл белдеу» құру – көгалдандыру жобалары
- Қоршаған ортаға теріс әсерді кезең-кезеңімен азайтуға бағытталған қолжетімді ең озық технологияларды енгізу
- Ластаушы заттар шығарындыларын азайту бағдарламасын әзірлеу
- Дүниежүзілік банк бастамасы – «2030 жылға қарай ілеспе мұнай газын жүйелі түрде факелде жағуды толық тоқтату» жобасын іске асыру
- «Жасыл» кеңселерді және қалдықтарды бөлек жинау жүйесін дамыту

ТДМ міндеттері

11.6. Қалалардың жан басына шаққандағы теріс экологиялық әсерін азайту, оның ішінде ауа сапасына және қалалық және басқа да қалдықтарды жоюға ерекше назар аудару арқылы азайту

ҚМГ нәтижелері

- ✓ «Таза Қазақстан» акциясына қатысу: 9 мыңнан астам адамның қатысуымен 277 сенбілік, шамамен 5,8 мың қап қалдық жиналды
- ✓ 2021 жылдан бастап ҚМГ компаниялар тобы бойынша барлығы 300 000-ға жуық ағаш отырғызылды. 2025 жылы барлығы 109 мың ағаш отырғызу жоспарланған
- ✓ Орманды қалпына келтіру аясында ҚМГ қолдауымен Қостанай облысында 150 мың қарағай көшеті отырғызылды
- ✓ 5 ЕТҰ-да (ММГ, КОА, АМӨЗ, ПМХЗ, ПКОВ) эмиссиялар мониторингінің автоматтандырылған жүйелері (МАЗ) енгізілді, шығарындылар бойынша деректер онлайн режимде уәкілетті органға беріледі
- ✓ Бастама шеңберінде 2017 жылдан бастап Атырау және Ақтөбе облыстарында газды кешенді қайта өңдеуді орнату жөніндегі іс-шараларды енгізу нәтижесінде ҚМГ ЕТҰ өндіру тобы бойынша шикі газды алау жағу көлемі 89% - ға қысқарды
- ✓ «Жасыл кеңсе» аясында ҚМГ ғимаратында пластикалық бөтелкелер мен алюминий банкаларды қабылдау бойынша фандомат орнатылды. Қалдықтарды бөлек жинау үшін экоурналар орнатылды, бөлме өсімдіктерінің саны артып келеді, велопарктер ҚМГ КО-да белсенді пайдаланылады және ҚМГ ЕТҰ-да енгізілді. Қазіргі уақытта фандомат орнатылған уақыттан бастап ҚМГ ғимаратында (2023 жылдан бастап) 71 062 алюминий банкалар және пластикалық бөтелкелер жиналды



Жауапты тұтыну мен өндіру

ҚМГ негізгі бастамалары

- Тарихи жинақталған мұнай қалдықтарын кәдеге жарату бағдарламасы
- АМӨЗ-дегі ағынды суларды тазартуға бағытталған «Тазалық» жобасы
- Қалдықтарды басқару стандартының енгізілуі
- Су ресурстарын басқару бағдарламасы

ТДМ міндеттері

12.4. Келісілген халықаралық қағидаттарға сәйкес химиялық заттарды және олардың бүкіл өмірлік циклі бойындағы барлық қалдықтарды экологиялық тұрғыдан ұтымды пайдалануға қол жеткізу және олардың адам денсаулығы мен қоршаған ортаға теріс әсерін азайту үшін олардың ауаға, суға және топыраққа түсуін айтарлықтай азайту

12.5. 2030 жылға қарай қалдықтардың пайда болуын болдырмау, оларды азайту, өңдеу және қайта пайдалану бойынша шаралар қабылдау арқылы олардың көлемін едәуір азайту

12.6. Компанияларға, әсіресе ірі және трансұлттық компанияларға тұрақты өндіріс әдістерін қолдануға және өз есептерінде ресурстарды ұтымды пайдалану туралы ақпаратты көрсетуге кеңес беру

ҚМГ нәтижелері

- ✓ Компаниялар тобы бойынша барлығы 4 461 мың тонна мұнай қалдықтары кәдеге жаратылды
- ✓ ӨМГ және ММГ-да шамамен 194 мың тонна тарихи мұнай қалдықтарын кәдеге жарату жұмыстары жүргізілуде
- ✓ «Тазалық»: «Механикалық тазарту құрылыстарын (МТҚ жабық үлгідегі) реконструкциялау» жобасының 2-кезеңін іске асыру аяқталды
- ✓ 2025 жылы қалдықтарды басқару стандарты ҚМГ ЕТҰ-ға енгізілді
- ✓ Су ресурстарын басқару жөніндегі бағдарламаның жобасы әзірленді



Климаттың өзгеруіне қарсы күрес

ҚМГ негізгі бастамалары

- Ішкі көміртекті баға белгілеу жүйесін енгізу
- Carbon Disclosure Project (CDP) шеңберіндегі қатысу және TCFD стандарты бойынша климаттық тәуекелдерді ашып көрсету
- Метан шығарындыларын басқару бойынша халықаралық серіктестермен бірлескен жұмыс (Carbon Limits, International Finance Corporation, Tetra Tech Inc)
- Chevron корпорациясымен бірлесіп Павлодар облысында орман-климаттық офсет жобасы іске асырылуда
- ҚМГ – БҰҰ Қоршаған орта бағдарламасының OGMP 2.0 метан бастамасының қатысушысы
- Мұнай-газ секторын декарбонизациялау жөніндегі Хартияның қатысушысы

ТДМ міндеттері

13.2. Климаттың өзгеруіне ден қою шараларын саясатқа, стратегияларға және жоспарлауға енгізу

13.3. Климаттың өзгеруінің ауырлығын азайту және әлсірету және адамдар мен мекемелерді оларға бейімдеу және ерте алдын алу бойынша ағарту жұмыстарын жақсарту, ол туралы ақпарат тарату

ҚМГ нәтижелері

- ✓ Төмен көміртекті дамытудың 2060 жылға дейінгі бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді
- ✓ Жасыл сутекті өндіру жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру шеңберінде ЖШС «ҚМГ Инжиниринг» зертханалық корпусын энергиямен жабдықтау үшін күн панельдері орнатылды. «Көк» сутегі мен оның туындыларын өндіру бойынша техникалық-экономикалық зерттеу аяқталды
- ✓ Орман-климаттық жоба бойынша: мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды
- ✓ ЕТҰ-мен метан шығарындыларын басқару бойынша тренингтер / семинарлар өткізілді
- ✓ Метан шығарындылары бойынша есептер (3-деңгейде) және OGMP 2.0 шеңберінде имплементация жоспары тапсырылды
- ✓ ҚМГ компаниялар тобында метан шығарындыларын басқару жөніндегі корпоративтік стандарттың жобасы әзірленді



Құрлық экожүйелерін қорғау

ҚМГ негізгі бастамалары

- Күн сайын 50 мың м³ су өндіретін Кендірліде тұщыландыру зауытын салу
- Жерлерді қалпына келтіру
- Қоршаған ортаның жай-күйін жақсарту мақсатында «Тазалық» экологиялық жобасын іске асыру
- Биологиялық алуантүрлілікті сақтау бағдарламасын әзірлеу және табиғатты қорғау ұйымдарымен ынтымақтастық
- Қоршаған ортаға әсерді азайту бойынша шаралар иерархиясы қағидаттарын енгізу (алдын алу, азайту, қалпына келтіру, өтеу)

ТДМ міндеттері

15.3. Шөлейттенуге қарсы күрес жүргізу, тозуға ұшыраған жерлер мен топырақты, соның ішінде шөлейттену, құрғақшылық және су тасқынынан зардап шеккен жерлерді қалпына келтіру және жердің жағдайын нашарлатпауға тырысу

15.5. Табиғи мекендеу орындарының тозуын тежеу, биологиялық әртүрліліктің жоғалуын тоқтату және жойылып кету қаупі төнген түрлердің сақталуын және жойылып кетуін болдырмау үшін маңызды шаралар қабылдау

ҚМГ нәтижелері

- ✓ Кендерлі тұщыландыру зауыты 2025 жылдың қазан айында пайдалануға берілді. Нысанды ЖАО-ға беру жоспарлануда
- ✓ Ластанған жерлерді қалпына келтіру және ластаушы заттардың төгінділерін азайту бойынша жұмыстар жүргізілуде
- ✓ Орманды қалпына келтіру аясында Қостанай облысындағы жанған учаскелеріне 150 мың қарағай көшеті отырғызылды
- ✓ Ағын арналарын реконструкциялау және АМӨЗ булану алқаптарын рекультивациялау жобасы іске асырылуда
- ✓ Биоалуантүрлілікті сақтау бағдарламасының жобасы әзірленді
- ✓ Қоршаған ортаға әсерді азайту жөніндегі шаралар иерархиясының қағидаттары ҚМГ экологиялық саясатында көрініс тапты



Тұрақты даму мүдделеріндегі әріптестік

ҚМГ негізгі бастамалары

- Салық есептілігін ашу, соның ішінде GRI стандарты және OECD Action 13 ел бойынша есептілік бастамасы бойынша
- Корпоративтік басқарудың ашықтығын арттыру
- Тұрақты даму, қоршаған ортаны қорғау және шығарындыларды азайту жөніндегі халықаралық бастамаларға қатысу

ТДМ міндеттері

17.1. Салықтар мен басқа да кірістерді жинау бойынша ұлттық мүмкіндіктерді арттыру мақсатында ішкі көздерден алынатын, оның ішінде дамушы елдердің халықаралық қолдауының арқасында алынатын ресурстарды жұмылдыруды күшейту

17.16. Барлық елдерде, әсіресе дамушы елдерде тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуді қолдау үшін білімді, тәжірибені, технологияны және қаржылық ресурстарды жұмылдыратын және тарататын көптеген мүдделі тараптардың қатысуымен серіктестіктермен толықтырылған тұрақты даму мүдделерінде Жаһандық серіктестікті нығайту

17.17. Серіктестіктердің ресурстарын пайдалану тәжірибесі мен стратегияларына сүйене отырып, мемлекеттік ұйымдар, мемлекеттік және жеке секторлар мен азаматтық қоғам ұйымдары арасындағы тиімді серіктестікті ынталандыру және көтермелеу

ҚМГ нәтижелері

- ✓ ҚМГ жыл сайын салықтар, мемлекетке төлемдер және өзінің қызметі туралы ақпаратты ашып көрсетеді, бұл ретте ашықтықтың үздік стандарттарын ұстанады
- ✓ Компания тұрақты даму саласындағы жобаларды іске асыруда халықаралық агенттіктермен және мемлекетаралық ұйымдармен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейді
- ✓ Компания IOGP (Халықаралық Мұнай және газ өндірушілер қауымдастығы), CDP (Carbon Disclosure Project), World Bank Zero Routine Flaring, GRI (Global Reporting Initiative), OGMP (мұнай-газ метаны бойынша серіктестік) сияқты халықаралық бастамалардың мүшесі болып табылады

